

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ**

**ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ**

**PEDAGOGY AND PSYCHOLOGY**

FTAMP 14.01.01

**ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**М.Н.ЕСЕНҒҰЛОВА** <sup>1[0000-0003-2705-6541],\*</sup>, **А.К. ТОҒАЙБАЕВА** <sup>1[0000-0002-2071-9536]</sup>,

**Д.Ж. РАМАЗАНОВА** <sup>1[0000-0001-8517-7072]</sup>

<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Қазақстан

\* [ms.miko77@mail.ru](mailto:ms.miko77@mail.ru)

**Андатпа.** Мақаланың негізгі идеясы оқушылардың өзге ұлт өкілдерінің психологиялық ерекшелігін тани отырып қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, рухани ұлттық құндылықтарымыздың мәнін танып, түсіну, өзге ұлттың тарихына, психологиялық ерекшелігіне шолу жасап, мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеудегі маңыздылығын көрсетілген. Қарым-қатынас ұғымы білім мен мәдениет ұғымының өз ара байланысын ашып көрсеткен. Қазіргі оқушы ертеңгі еліміздің зиялы қауымы ретінде санасында қалыптасуы басты мәселелердің бірі болып табылады. Қарым-қатынаста адамдардың білім, біліктілігі, дағды, икемділігі және рухани дүниесі мәдениеттіліктің негізі ретінде қарастырылып, еліміздің келешегі, бірлігі мен ынтамағы тығайтатын ұрпақ ретінде үлес қоса білу. Оқушылардың ақыл-ойымен көзқарасын ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің негізінде қалыптастыра отырып, ойлауын, рухани-адамгершілігін жетілдіруге мүмкіндік береді. Оқушылардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру мәселесі ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің негізінде ұлттық сананы қалыптастыруға, ұлттық құндылықтар мен рухани мұраларымыздың мәнін түсінетін жас ұрпақты тәрбиелеуде маңызы зор. Бұл қасиеттер адамгершілік пен ізгілікке негізделген қарым-қатынастарды нығайту үшін негіз болады. Мақалада, қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерінің негізінде ұрпақ тәрбиесіне жан-жақты әсер ететінін мәселелері, жеке тұлғаны қалыптастырудың үлкен тәрбиелік болашағына ықпал ететін мәселелер жан-жақты қамтылған.

**Түйін сөздер:** оқушы, ұлтаралық қарым-қатынас, психология, қарым-қатынас мәдениеті, құндылық, сана, өркениет, мәдениет, тәрбие.

Қарым-қатынас процесінде өзге тұлғаларды қабылдауда баға беру және объективті көзқарастарды көрсетуге бет бұрыс жасалады. Еңбекте этнопсихология, әлеуметтік психология ғылымдарында кеңінен қолданылатын, зерттеу барысында пайдалануға болатын әдістер бөлігі қаралды.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін бағалау және адамның қабылдауы мәселелеріне қатысты әртүрлі көзқарастар талқыланады. Ол зерттеу жұмыстарында қолдануға болатын этнопсихология мен әлеуметтік психологияда қолданылатын әдістер кеңінен

қарастырылады. Зерттеу ұлттық қасиеттердің адами қарым-қатынасқа әсерін зерттеуге және бұл мәселені психодиагностикалық әдістер арқылы зерттеуге бағытталған. Атап айтқанда, философтар, психологтар және педагогтар бұл мәселеге үлкен қызығушылық танытып, оған әртүрлі қырынан қарайды. Мысалы, ғалымдардың ( Левитов Н.Д. [1], Қаған М.С. [2]) және республикамыздағы философ ғалымдар (Абділдин Ж.М. [3], Сужиков М.М., Сапарғалиев Ғ.С. [4], Кішібеков Д. [5]) әлеуметтік контекст аясында қарым-қатынасты зерттеудің философиялық негізін құрды (Ломов Б.Ф. [6], Буева Л.П. [7], Леонтьев А.А. [8], Парыгин Б.Д. [9]). Бұл ғалымдар тұлғаның дамуындағы қарым-қатынастың рөлін қарастырды (Ананьев Б.Г. [10], Бодалев А.А. [11], Кон И.С. [12], Рубенштейн С.Л. [13], Выготский Л.С. [14]), жақсы қолдау көрсететін байлық береді. көзқарастар.

Оқушылардың өзара қарым-қатынасы кезінде өзін-өзі бағалаудың психологиялық аспектілерін және әртүрлі ұлттық ортадағы тұлғалардың ерекшеліктерін ажырату қажет. Бұл үдеріс ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуге және әр түрлі студенттік ұжымда өз ұлтының және басқалардың психологиялық «портретін» дамытуға ықпал етеді. Бұл жұмыс қарым-қатынас кезінде адамдарды бағалау мен қабылдаудың объективті перспективаларын ұсынуға бағытталған. Қоғамдық құбылыстарды этнопсихологиялық тұрғыдан қарастыра отырып, көп ұлтты мемлекеттегі мектеп оқушыларының қарым-қатынас кезінде өзінің және өзге ұлттың ұлтын дұрыс бағалауы өте маңызды. Біздің елдегі алуан түрлі халықтардың бірлігі мен ынтымақтастығы әр адамның ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, көзқарастары мен өзара әрекеттестігіне байланысты. Адамның өмір бойы әр ұлттың адамдарымен қарым-қатынаста болып, өз ұлтының өкілі болып табылатындықтан, олардың басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынасына ұлттық ерекшеліктер әсер ететіні даусыз.

### Әдістер

Біздің эксперименттік әдістеме тұлғаны топтық бағалау (ГОК) биполяризация әдісі негізінде жасалды. ГОЛ (групповая оценка личности) - методикасы жалпы жеке адамға, сол адамды жақсы білетін топ немесе коллектив сипаттама беру керек. Бұл әлеуметтік-психологиялық әдістеме. Бірақ біз жұмысымыздың мақсат, міндеттеріне байланысты бұл әдістемеге өзгерістер енгіздік. Енгізілген өзгерістер топтағы жеке адамды емес, адамдардың ұлттық ерекшеліктерін зерттеуге бағытталды. Осыған байланысты жеке адамның негізгі сыртқы көрінісі болып табылатын мінез қасиеттерінің тізімдерінің зерттелінушілерге өз ұлтын және басқа ұлттарды бағалауға қолдандық. Бұл саунама негізінде әр ұлтқа қатыпқалған психологиялық мінездеме береміз деуге болмайды, дегенмен де, ұлтаралық

қарым-қатынаста қаншалықты жағымды әсер ететіндігін және күнделікті тірлікте адамдардың бойынан қандай қасиеттер көрініп отыратындығын көре аламыз.

Әлеуметтік-психологиялық зерттеулерде кеңінен қолданылатын ГОЛ әдістемесін енгізу арқылы ғалымдар қолданып жүр. Осы өзгерістерге тоқталып өтейік.

Біз бағаланатын объектілер арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, этнопсихологиялық зерттеулерде ГОЛ әдісінің әлеуетті қолданылуын зерттейміз. ГОЛ әдісін пайдаланудың қызықты мүмкіндігі түйіделген. Бағалық биполяризация әлеуметтік-психологиялық диагностика ретінде тұлға зерттеуде кеңінен таралған, оның қасиеттері сапалық сын есімдермен - антонимдермен бейнеленеді (әлді-әлсіз, жақсы-жаман) Биполярлық өлшемдер тәжірибесінде «полярық профильдер» (М.Форверг) «семантикалық дифференциал» (Ч.Осгуд) үлгісіндегі пікір-терімдер биполярлық факторлардың тізімі бар тесттер (Дж.Гильфорд, Р.Кетелл, Г.Айзенк т.б.) қолданылады.

Адамның биполярлық бағалауды жүзеге асыруы оның қарым-қатынасының екі жақтылығын көрсетеді: жеке адам өзін қоршаған ортамен ұқсастық дәрежесін бағалауға арқылы қоршаған ортадан өзін-өзі бөледі немесе қарсы қояды («Мен -мен емес») немесе оның ішкі жүйесіне қосады («Мен- өзге мен»).

Биполярлық бағалау индивидтің өзара қарым-қатынастарының екі жақты сипатын көрсетеді: ол сол ортаға ұқсастық дәрежесін өлшеу арқылы жеке адамды қоршаған ортадан ажыратады. Биполярлық бағаның көмегінен адам өзін-өзі басқа адамдармен салыстыра отырып әлеуметтік перцепция механизмін үйренеді. Өзгелерді бағалау нақты түрде ғана емес, оймен де жүзеге асатын болғандықтан, тұлғаның өзгелерге ұқсастығын мойындау дәрежесі оқшауланудың индикаторы болады немесе өзгелердің қасиеттерінің өзінде де барлығын мойындайды. Осы ішкі дүниелік механизмде тұлғаның өзін-өзі түсінудің ерекшеліктері шешуші роль атқарады.

### Нәтижелер

Оқушылардың мәдени қарым-қатынасқа тәрбиелеудің теориялық негіздері «мәдениеттілік», «мәдени қарым-қатынас» ұғымдарына байланысты. Демек, бұл ұғымдар ғылыми және психологиялық әдебиетте терең талқылауды қажет етеді.

Мәдениет белгілі бір мәдени ортада жинақталған ұжымдық өмір тәжірибесінің, білімнің, тәрбиенің және өмірлік бейненің қоймасын білдіреді.

Шығыс мәдениетінде Шығыс пен Батысты ажырататын Абай көзқарасының маңызы зор. Ол алғаш рет қазақ халқының диалектикасын қамтитын жаһандық даму мен өзгерістерге

қатысты ойлау жүйесін зерттейді. В.М. Соковнин өз зерттеулерінде: «Егер адамзаттың мәдениетін әлемдің мұқиттарға құятын өзендерге теңейтін болсақ, дәстүрлердің жалғасы оның құдіретімен теңестіруге болады» [15,147] деп орынды айтады. Абай шығармалары адамзат мәдениетінің қайнар көздеріне арналған сұрауларға толы.

Халқымыздың рухани дүниесінің дамуына үлес қосқан Ш.Құдайбердіұлының қосқан үлесі ұшан теңіз. Халқымыздың дәстүрін, ауыз екі әдебиетін моральдық кодекске негізделген рухани дүниенің бар екенін атап көрсеткен болатын [15; 9]. Ендеше, ұрпақтары ата-бабасынан қалған салтымызды, дініміз бен тілімізді, тарихи дүниемізді бір-бірімен байланыстырғанда ғана әрбір халық дамудың шыңына жете алады.

«Мәдениет», «қарым-қатынас мәдениеті», «ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының тамыры тереңге бойлайтын күрделі ұғымдар. Ал бұл ұғымдардың ғылыми әдебиеттердегі талқылануына тоқталып өтелік.

Мәдениеттің жоғары деңгейі әділдік, өнегелілі болу, адами қатыстағы сыйластық ұстанымдары мен сананалылықты айтамыз. Қарым-қатынас теориясында мәселенің тереңдігіне көз жеткізу, әсіресе іс-әрекет пен оның тәуелсіздігі проблемалары қарым-қатынастың философиялық негізін құрайды. Кейбір зерттеушілер іс-әрекет пен қарым-қатынасты құбылыстың екі белгісіне теңейді, ал кейбіреулері адамның өмір сүруінің екі жолы және формасы дейді.

Қарым-қатынас пен қоғамдық қатынастың бірлігі, ұлтаралық қарым-қатынастың тұлғаралық байланысына әкеледі. Ғылымдағы кейбір бағыттар қарым-қатынас іс-әрекеттің түрі деп тұжырымдайды. Олар қарым-қатынасты іс-әрекет түріне балайды. Тұлға аралық қатынастар өзінің негізгі сипаттамасына орай іс-әрекеттің ерекшелігін білдіреді, қарым-қатынас секілді ол қажеттіліктерді өтеуге бағытталады және ұлттық мәдениеті де өз кезегінде өзіндік сипатқа ие болады.

Тұлғалық қарым-қатынас адамдардың бір-бірімен байланысындағы теңдігі мен иерархиясы, мәдениеттердің айырмашылықтарының өлшемі болып есептеледі. Сонымен бірге қазақ халқының ұлттық-мәдени қайта өркендеуі жағдайында студенттердің рухани қайта өркендеу негіздерін қалыптастыратын халық дәстүрлерінде тәрбиелеудің заңды, объективті қажеттігі өсе түседі. Мұндай жағдай болашақ маман иелерінің өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерімен неғұрлым тереңірек таныстыру қажеттігін тудырады. Рухани білім, қарым-қатынас туралы білімі біліктілігі адамдардың қарым-қатынасын реттейді. Оның әртүрлі құралдары бар, оның ішінде тарихи ескеркіштер, көркемөнер, бейнелер, мәтіндер және дәстүрлер т.б.сонымен

қатар топтың, қоғамның және азаматтың басқа да мәдени құндылықтарының жинақталған мұра мазмұны болып табылады.

Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін іс-әрекеттің тиімділігі мен қоса белсенділік, ынталылық, еркіндік қажет және субъектінің өз құндылықтарынан көрініс табатын қарым-қатынастың адамды тәрбиелеу үшін, дүниені қабылдау және түсіну үшін, адамдарға және өзіне, өзара әрекет субъектісі ретінде қатынасының негізгі құралы ретінде көрініс береді (1-сурет).

Оқушылардың этникалық ерекшеліктерін зерттеу және қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу мақсатындағы әдістемеміз бастапқыда мектеп оқушыларының арасында қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеуге бағытталған психологиялық әдістер қамтылды. Әрі қарай біз әртүрлі ұлт өкілдерінің психологиялық қасиеттерін бағалау үшін сауалнамалар жүргізілді.



**Сурет 1. Оқытушы мен оқушылардың қарым-қатынасының негізгі қызметтері**

Оқушылардың ұлттардың психологиялық ерекшеліктерін және олардың қарым-қатынас кезінде басқа ұлт өкілдерін бағалауын анықтау. Этносаралық қарым-қатынас мәдениетін дамытуға үлес қосу болып табылады.

Өз ұлтының немесе әртүрлі қауымдастықтардағы басқа ұлттардың психологиялық «портретін» құру. Осы жалпы мақсатты ескере отырып, біз келесі зерттеу мақсаттарын белгіледік:

1. Оқушылар арасындағы ұлтаралық қарым-қатынастардың этникалық негізі туралы теориялық мәлімет беру.
2. Білім беру орындарында оқитын әртүрлі ұлттарға психологиялық сұрақ сауал жүргізу негізге алынды.
3. Оқушылардың бойында тәрбиеленетін ұлттық психологиялық қасиеттерге салыстырмалы талдау жасау.
4. Сауалнамаға қатысқа әртүрлі ұлт өкілдері өзін-өзі бағалауға және өзге ұлттарды бағалауы арқылы қалыптасатын психологиялық атрибуттарын бөліп көрсетеді.

### Талқылау

Қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында педагогикалық теория мен практикада оқушылардың коммуникативті бейімділігін тәрбиелеу үшін бірқатар диалогтық және пікірталас әдістемелері қолданылады. Бұл әдістер жас адамдардың икемділігін, қызығушылығын, тартымдылығын, мұқият тыңдауын, өз көзқарастарын нақты жеткізуді және қарым-қатынас кезінде сұрақтарды нақты айтуды дамытады. Біз студенттермен және жаңа білім беру мамандарымен педагогикалық қарым-қатынаста мәдени белсенділіктің жоғары деңгейін көтеруге бағытталған экспериментімізге коммуникативті элементтерді енгіздік. Коммуникативті бейімделуді дамыту психологиялық-педагогикалық тәжірибе аясында, тұлғааралық қарым-қатынас саласында және теориялық білім беруде өзара тиімді деп есептейміз.

Біз оқыту барысында келесі коммуникациялық дағдыларды қамтитын мәдени қарым-қатынас дағдыларын дамытудың барысын бағаладық:

- Шынайы қарым-қатынасқа қатысу.
- Құрмет көрсету.
- Қамқорлық көрсету.
- Тапсырмалар мен өтініштерді ықыласпен орындау.
- Мінез-құлық және мінез-құлық ережелерін сақтау.
- Оқушыларға жақсы ниетпен әсер ету.
- Ұстамдылық таныту.
- Қоғамның назарын аудару.

- Дауысты қажетінше реттеу.

Мектептегі 10-11 класс оқушыларына төмендегідей сауалнамалар бердік:

- 1) Адамдармен, қарым-қатынас процесінде шапшаң және жеңіл тіл табыса аласыз ба?
- 2) Студенттік топта басымдылық сапаларын айқындау икемділігіңіз бар ма?
- 3) Қарым-қатынаста қалжыңды қолдана білесіз бе?
- 4) Қарым-қатынасты бағалау және дәлелдеу икемділігіңіз бар ма?
- 5) Қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз не?
- 6) Халықтық педагогика идеялары қарым-қатынаста қажет пе?
- 7) Ұлттық мұралар туралы біліміңіз жеткілікті деп есептейсіз бе?
- 8) Ұлттық дәстүрлеріміздің тәрбиелік мәні қандай?
- 9) Халықтық педагогика идеяларының қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудағы мәні қандай?
- 10) Оқу-тәрбие үрдісінде халықтық педагогика элементтерін пайдалану жағдайына талдау жасай аласыз ба?

Зерттеу оқушылардың қарым-қатынас дағдысын анықтауға арналған. Бақылау мына кесте бойынша жүзеге асырылды.

I. Оқушылардың өзара және ұстаздармен қарым-қатынасы.

1. Сабырлылықты сақтай отырып, әңгімеге араласу, қызығушылық білдіру, тілектер мен өтініштерді айту мүмкіндігін көрсету; өтініштер қабылданбаған кезде ересектердің жауаптарын өлшеу және сыпайы тілді қолданғанда нанымдылықты көрсету.

2. Өз іс-әрекетін ұйымдастыру, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау құзыреттілігі. Бұл әңгімені бастамас бұрын ойларды жинақтауды, сөйлеу процесіне мақсат қоюды және сөйлеушінің сөзін бөлмей жауап беруді қамтиды.

3. Әңгімелесушіге қызығушылық таныту, көмек көрсету, өтініштерді қарастыру және қамқор болу.

II. Құрдастармен байланыс:

1. Құрбыларымен сыпайы қарым-қатынасты сақтау, оның ішінде амандасу және қоштасу, есімдерді қолдану, сыпайылық, байсалдылық; әртүрлі жағдайларда сыпайы тілді қолдану.

2. Досын қолдауға дайын болу, оның көңіл-күйін түсіну, көмектесуге тырысу, оның іс-әрекетін құрметтеу және пікірімен санасу.

3. Құрбыларымен қақтығыстардың себептерін анықтау, конфликттерді тиімді шешу, ауызша пікір алмасуда байсалдылық пен әзіл-оспақ қолдануды көрсету.

4. Құрбы-құрдастармен қарым-қатынаста қарапайымдылық таныту, тең дәрежеде болу, енжарлық таныту және жасырын және ашық қарсылық көрсету.

Эксперименттік зерттеу үш кезеңді қамтыды: сәйкестендіру, қалыптастыру және бақылау. Сауалнамаға 10 және 11 сыныптардан барлығы 43 оқушы қатысты.

Эксперименттік зерттеудің қорытынды бақылау кезеңінде сауалнаманы қайта тапсыру арқылы мектептегі 10 және 11 сынып оқушыларының ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің даму дәрежесін анықтадық. Біз эксперименттің басында және аяқталғаннан кейін этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің даму деңгейлерінің көрсеткіштерін ұсынамыз. Бұл деңгейлер оқушылардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуын көрсетеді.

	10 класс (22 оқушы)		11 класс (21 оқушы)	
	Жоғары деңгей	4 (18%)	6 (27,2%)	3 (14,2%)
Орташа деңгей	8 (36,3%)	10 (45%)	7 (33,3%)	8 (38%)
Төмен деңгей	10 (45%)	6 (27%)	10 (47,6%)	9 (42,8%)

Кестеде көрсетілген деректер эксперимент барысында мектеп оқушыларының ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің даму қарқынын көрсетеді. Айта кетерлігі, эксперименттік топта оқушылардың өз елінің мәдениеті, тарихы, ана тілі туралы білім алуға деген құлшынысы байқалды.

### Қорытынды

Қазақ мектептерінің оқушылары статистикалық тұрғыдан басым ұлттардың, атап айтқанда өзге ұлт өкілдерін қамтыған сауалнамамыздан жиналған ақпаратты келесідей талдауға мүмкіндік береді:

1. Этникалық сәйкестік (ұқсастық) жеке адамдар арасындағы психоэлеметтік ұқсастықты білдіреді.

2. Этникалық сәйкестік жеке тұлғаның өзін-өзі тануына, өзін-өзі бағалауына және қарым-қатынас кезінде жағымды қасиеттерді сақтауға және нығайтуға ұмтылады.

3. Бұл іс-шараның мақсаты – жалпы ұлтаралық қарым-қатынастарды нығайту және қарым-қатынас мәдениетін арттыруға және дамытуға ықпал ету.



Осы зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер келесі қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- Қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері ұрпақ тәрбиесіне жан-жақты әсер ететінін ескерсек, жеке тұлғаны қалыптастырудың үлкен тәрбиелік болашағын ұсынады. Бұл қасиеттер адамгершілік пен ізгілікке негізделген қарым-қатынастарды нығайту үшін негіз болады.
- Ұлттық психологияны болашақ ұрпақтың тұлғасын қоғам сұранысына сай етіп қалыптастыруға, сайып келгенде, жалпы ұлтаралық қатынастарды көтеруге пайдалануға болады.
- Бұл зерттеудің нәтижелері сонымен қатар бірқатар ұсыныстар берді:
- Халықаралық қатынастар мәдениетін қалыптастыру мәселелері бойынша әдістемелік семинарлар мен психологиялық кеңестер ұйымдастыру.
- Өзге ұлттардың өзіндік ерекшеліктерін мойындай отырып, дінге, ана тіліне, өз ұлтының тарихына құрметпен қарауға тәрбиелеу.
- Жеке тұлғалардың көпэтносты мемлекет ішіндегі бірлікті сезінуіне мүмкіндіктер туғызу, сол арқылы этносаралық ынтымақтастықты нығайту.
- Рухани атмосфераны көтеру, әдеби шығармалар мен кітаптарды ана тіліне аударуға басымдық беру, осылайша жастардың ұлттық санасын ояту.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Левитов Н.Д. Проблема характера в современной психологии / Н.Д. Левитов. – Москва // Психология индивидуальных различий : учебное пособие / ред. Ю.Б. Гиппенрейтер, В.Я. Романов. – Издание 2-е. – Москва : ЧеРо, 2002. – С. 210-214. – (Хрестоматия по психологии)
2. Норкина, Е. А. Уникальность концепции М. С. Кагана: взгляд современника / Е. А. Норкина. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. - 2016. - № 7 (111). - С. 1071-1073. - URL: <https://moluch.ru/archive/111/27869/> (дата обращения: 03.09.2023).
3. Сужиков М.М., Сапарғалиев Г.С. Некоторые философско-правовые проблемы совершенствования культуры межнациональных отношений. Алма ата : Наука, 1989. с.79
4. Кішібеков Д.Ю. Философия. - Алматы: Ғылым, 1999.– 200 б.
5. Ломов. Б. Ф. Проблема общения в психологии 11 В ки, Проблемы общения в психологии- М.: Наука, 1981. - 280 с.
6. Буева Л.П. Человек, деятельности и общения. М.; Мысль, 1978. – С.216.

7. Леонтьев А.Ф. Проблема общения в психологии // В кн: Проблемы общения в психологии - М.: Политиздат, 1977. - С.304.
8. Паригин. Б. Д. Основы социально- психологической теории. – М.; Мысль, 1971. - с.351
9. Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. Т.1. М., 1980. - 322 с.
10. Бодалев А.А. Личность и общения - М.: Педагогика, 1983. - 271 с.
11. Кон И.С. Этнография детства. Традиционные формы воспитания детей и подростков у народов Восточной и Юго-Восточной Азии. М.: Просвещение, 1983. - 147 с.
12. Рубинштейн С.А. Проблемы общей психологии. М.: Педагогика, 1976. - С.693.
13. Выготский Л.С. Избранные психологические исследования М.: АПН СССР, 1986. - С.519.
14. Соковнин В.М. О природе человеческого общения. Опыт философского анализа. – 2-е изд. – Фрунзе, 1974. – 147 с.
15. Есенғұлова М.Н. Студенттердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда халықтық педагогика идеяларын пайдаланудың педагогикалық шарттары. Пед. ғыл. канд. ... дисс.: 13.00.01. – Түркістан, 2007 – 142 б.

### References

1. Levitov N.D. The problem of character in modern psychology / N.D. Levitov. – Moscow // Psychology of individual differences : a textbook / ed. Yu.B. Gippenreiter, V.Ya. Romanov. – 2nd edition – Moscow: Chero, 2002. – pp. 210-214. – (Textbook on Psychology)
2. Norkina, E. A. Uniqueness of the concept of M. S. Kagan: the view of a contemporary / E. A. Norkina. — Text : direct // Young scientist. - 2016. - № 7 (111). - PP. 1071-1073. - URL: <https://moluch.ru/archive/111/27869/> (date of address: 03.09.2023).
3. Uzhikov M.M., Sapargaliev G.S. Some philosophical and legal problems of improving the culture of interethnic relations. Alma ata : Nauka, 1989. p.79
4. Kishibekov D.Y. Philosophy. - Almaty: Gylym, 1999. – 200 b.
5. Lomov. B. F. The problem of communication in psychology 11 In ki, Problems of communication in psychology - М.: Nauka, 1981. - 280 p
6. Bueva L.P. Man, activity and communication. М.; Thought, 1978. – p.216.
7. Leontiev A.F. The problem of communication in psychology // In the book: Problems of communication in psychology - М.: Politizdat, 1977. - p.304.
8. Parigin. B. D. Fundamentals of socio-psychological theory. – М.; Thought, 1971. - p.351

9. Ananyev B.G. Man as a subject of knowledge. Vol.1. M., 1980. - 322 p.
10. Bodalev A.A. Personality and communication - M.: Pedagogy, 1983. - 271 p.
11. Kon I.S. Ethnography of childhood. Traditional forms of education of children and adolescents among the peoples of East and Southeast Asia. Moscow: Prosveshchenie, 1983. - 147 p.
12. Rubinstein S.A. Problems of general psychology. M.: Pedagogy, 1976. - P.693.
13. Vygotsky L.S. Selected psychological studies M.:APN USSR, 1986. - P.519.
14. Sokovnin V. M. on the field of human society. Experience of philosophical analysis. – 2-е ISD. - Frunze, 1974. - 147 PP.
15. Yessengulova M. N. pedagogical conditions for the use of the ideas of folk pedagogy in the formation of a culture of communication of students. PED. science. Kand. дисс.: 13.00.01. - Turkestan, 2007- P. 142.

## **PSYCHOLOGICAL PROBLEMS OF FORMING STUDENTS' CULTURE OF INTERNATIONAL RELATIONSHIPS**

**M.N.YESSENGULOVA<sup>1,\*</sup>, A.K.TOGAIBAeva<sup>1</sup>, D.J. RAMAZANOVA<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Kazakhstan

\*ms.miko77@mail.ru

**Abstract.** The main idea of the article is to form a culture of communication among students acknowledging the psychological characteristics of representatives of other nationalities, to recognize and understand the meaning of our spiritual national values, to show the importance of a comprehensively developed spiritual culture in the education of an individual, reviewing the history and psychological characteristics of other nations. The concept of communication is a part of a whole that cannot be divided by education and culture. One of the main problems is the formation in the mind of the present student as an intellectual community of tomorrow. In this regard, consider the relationship as a cultural intelligence based on the knowledge, skills, and inner spirit of a person, and be able to contribute to the future, unity, and enthusiasm of the country. The communication culture based on the national spirit allows students to form their mental attitude, free thinking, spiritual and moral world, and to perform their actions effectively. The problem of improving the culture of inter-ethnic communication among students is of great importance for the development of our own culture, for educating the young generation who understand the meaning of our national values and spiritual heritage. The article highlights in detail the issues that have a comprehensive impact on the upbringing of generations based on the national characteristics of the Kazakh people, issues affecting the great educational future of personality formation.

**Key words:** student, interethnic relations, psychology, communication culture, value, consciousness, civilization, culture, education.

## ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ФОРМИРОВАНИЯ КУЛЬТУРЫ МЕЖНАЦИОНАЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ УЧАЩИХСЯ

М.Н.ЕСЕНҒҰЛОВА<sup>1,\*</sup>, А.К. ТОҒАЙБАЕВА<sup>1</sup>, Д.Ж. РАМАЗАНОВА<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Казахстан

\*ms.miko77@mail.ru

**Аннотация.** Основная идея статьи – сформировать у школьников культуру общения с учетом психологических особенностей представителей других национальностей, признать и понять смысл наших духовных национальных ценностей, показать значение всесторонне развитой духовной культуры в воспитание личности с учетом истории и психологических особенностей других народов. Понятие коммуникации является частью целого, которое не может быть разделено образованием и культурой. Одной из главных проблем является формирование в сознании нынешнего учеников интеллектуального сообщества завтрашнего дня. В этом отношении рассматривайте отношения как культурный интеллект, основанный на знаниях и умениях, умениях и внутреннем духе человека, и способный внести вклад в будущее, единство и энтузиазм страны. Культура общения, основанная на национальном духе, позволяет студентам формировать свой психологический настрой, свободомыслие, духовно-нравственный мир, эффективно осуществлять свои действия. Проблема повышения культуры межнационального общения среди школьников имеет большое значение для развития нашей собственной культуры, для воспитания молодого поколения, понимающего смысл наших национальных ценностей и духовного наследия. В статье подробно освещены вопросы, оказывающие всестороннее влияние на воспитание поколений на основе национальных особенностей казахского народа, вопросы, влияющие на большое воспитательное будущее формирования личности.

**Ключевые слова:** студент, межнациональные отношения, психология, культура общения, ценности, сознание, цивилизация, культура, образование.